

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саудасы салаларындағы заңнамалық базаны жетілдіру мен тиімді саясатты іске асыру» тақырыбындағы Үкіметтік сағаттың қорытындылары бойынша

ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Сенаты

24 қараша 2021 жыл

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі сауда салаларындағы заңнамалық базаны жетілдіру және тиімді саясатты іске асыру бойынша кешенді және жүйелі шаралар қабылдау мақсатында Үкімет сағатына қатысушылар мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ:

1.1. Министрліктердің басшылығын қамтитын ішкі, сыртқы сауданы жетілдіру, бәсекелестікті дамыту, Техникалық реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру мүмкіндігін қарастыруды: Экономика; Энергетика; Ауыл шаруашылығы; Индустрия және инфрақұрылымдық даму; Төтенше жағдайлар; Қаржы; цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі; экология, геология және табиғи ресурстар; қорғаныс; Әділет; Сыртқы істер; Ішкі істер министрліктері, сондай - ақ еркін қатысушы ретінде -ЕЭК Алқасының мүшесі (министрі) (Қазақстан Республикасының өкілі).

1.2. Сауда саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді және енгізуді:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері (оларды КТО-ға тарту және толтырылуын қамтамасыз ету мақсатында) және КТО қаржыландыруға инвесторларды тарту үшін де ынталандыру шараларын енгізуді қоса алғанда, КТО жұмыс істеу тетігін заңнамалық бекітуді;

- инвестициялық салымдарды 25% өтеуді қамтамасыз ету үшін КТО құрылысын басым инвестициялық жобалар тізбесіне енгізуді;

- сауда желілерін сатып алу процесінің ашықтығын арттыру және шағын өндірушілердің «сәрелерге» қол жеткізу мақсатында сауда желілерінің барлық сатып алуды цифрлық платформа немесе сауда желісінің сайты (тек ірі сауда желілері үшін) арқылы өткізу міндетін белгілеуді;

- Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық есептілігін жеке есеп жүргізу және тоқсан сайынғы статистикалық бюллетеньді қалыптастыру үшін ірі сауда желілерін жеке санатқа бөлу жолымен жетілдіруді;

- «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске өзгерістер енгізу арқылы таңбалау жөніндегі бірыңғай оператордың өз міндеттері мен функцияларын тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілігін белгілеуді (жүйедегі техникалық іркілістер, таңбалау кодтарын уақтылы бермеу және т. б.);

- ұлттық тауар өткізу жүйесінің қатысушыларына ынталандыру шаралары мен салықтық жеңілдіктерді енгізу мүмкіндіктері қарастыруды.

1.3. Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде, сондай – ақ үшінші елдермен сауда қатынастарында барлық халықаралық алаңдарда Қазақстан Республикасының

позициясын белсенді түрде қорғау бөлігінде Қазақстан тарапының келіссөз ұстанымын күшейту жөнінде ықтимал шаралар қабылдауды.

1.4. Еуразиялық экономикалық комиссияға келесі мәселелер бойынша жүгіну мүмкіндігін қарастыруды:

- СТ-1 нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттың орнына оларға қатысты сериялық өнімнің шығу сертификаты қолданылатын тауарлар тізбесін кеңейту мәселесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен оң шешімді (Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 10 сәуірдегі №2 шешімі);

- үшінші елдермен (ЕАЭО-ға кірмейтін) өзара саудадағы техникалық кедергілерді жоюдың тәртібі мен шарттары туралы келісімге қол қоюды жеделдету және оған қол қойылғанға дейін ЕАЭО-ның техникалық регламенттері қолданысқа енгізілген үшінші елдермен өнімге арналған сертификаттарды өзара тану туралы мәселені пысықтауды;

- Ұлттық техникалық регламенттердің қолданысына жататын өнімге қатысты сертификаттарды өзара тануды;

- ЭЫҰ-ға мүше елдердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің интеграцияланауды, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше елдердің сауда саласындағы ақпараттық порталдарының интеграциялауды.

2.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНЕ:

2.1.1. Ұсыныстар әзірлеу және мыналарға бағытталған шараларды енгізуді:

- «сұр» сауда көлемінің төмендеуі;
- желілік маркетингті заңнамалық реттеу;
- электрондық сауданы заңнамалық реттеу.

2.1.2. Экспортты ынталандыру мен қолдаудың қолданыстағы құралдарына талдау жүргізу және олардың тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуді.

2.1.3. Экспортты субсидиялау тетігін жетілдіру, оның ішінде экспорттаушылардың өтінімдерін қарау мерзімдерін қысқарту жөнінде шаралар әзірлеуді.

2.1.4. Сыртқы нарықтарға жеткізуде де, қазақстандық нарықта да отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау бойынша белсенді саясат жүргізуді.

2.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІМЕН БІРЛЕСІП:

2.2.1. Тауарларды, оның ішінде ЕАЭО елдеріне экспорттау кезінде тауарға ілеспе құжаттардың ресімделуіне талдау жүргізуді (электрондық шот-фактураларды ресімдеу бөлігінде).

2.2.2. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жүйелерімен интеграциялауды аяқтау қорытындылары бойынша Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 12.08.2016 жылғы № 5 шешімімен белгіленген тәртіпті қайта қарау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органдары куәландырған электрондық шот-фактураның қағаздағы көшірмесін ұсынуды алып тастау бөлігінде пысықтасын және ЕЭК-ке бастамашылық етуді.

3.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕ:

3.1.1. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жүйелерімен интеграциялауды аяқтауды жеделдету жөнінде белсенді шаралар қабылдауды.

3.1.2. жүктерді әкелу мен әкетуді шектеуге байланысты мәселелерді қарауды қоса алғанда, Қазақстан-Қытай шекарасындағы жүйелі проблемаларды шешу жөнінде шаралар қабылдауды:

- темір жол өткізу пункттерінде қосымша темір жол желілерін салуды (тар табанды желілер);
- жұмыс істеп тұрған автомобиль өткізу пункттерінің тәулік бойғы жұмыс режиміне ауыструды;
- Қытай тарапымен жабық өткізу пункттерін ашу жөніндегі келіссөздерді жандандыруды.

3.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ҚЫЗМЕТІ МИНИСТРЛІГІМЕН БІРЛЕСІП мемлекеттік органдар операцияларының ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілетін қызметті берушілер мен көрсетілетін қызметті алушылардың физикалық байланысын болдырмау мақсатында сауда саласында үшінші елдермен «Бірыңғай терезе» ақпараттық порталын интеграциялау бойынша жұмысты жандандыруды.

4.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ, САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІКТЕРІМЕН БІРЛЕСІП Covid-19-ға байланысты шектеу шаралары жағдайында сауда объектілерінің (сауда үйлері, сауда орталықтары) және қоғамдық көліктің жұмыс режимін синхрондауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды.

5.1. «АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ (келісім бойынша) тауарларды таңбалауды енгізуге егжей-тегжейлі талдау жүргізу, шағын және орта

бизнес үшін тәуекелдерді айқындау (тауарларды таңбалаудың олардың құнының өсуіне әсерін бағалау), таңбалауға жоспарланған тауарлар тізбесін (көлеңкелі саудада айтарлықтай көлемдегі тауарды таңбалау қажеттілігі) және пилоттық таңбалауды енгізу тиімділігін бағалау, сондай-ақ жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді.

5.2. «АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ (келісім бойынша) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІКТЕРІМЕН БІРЛЕСІП отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілердің ЕАЭО мүше елдердің нарығына кіруін шектейтін (оның ішінде Ресей Федерациясына экспорт кезінде, Россельхознадзор тарапынан әкелуге тыйым салуларға, шектеулерге және күшейтілген тексерулерге байланысты) рәсімдерге талдау және бағалау жүргізу және оларды алып тастау бойынша ұсыныстар әзірлеу (қазақстандық экспорттаушылар өз өнімдерінің «тазалығын», оның ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына, ЕАЭО ветеринарлық және фитосанитарлық талаптарына сәйкестігін дәлелдеуге және тауарлар партияларына қосымша сараптама жүргізуге мәжбүр («Айсберг» ЖШС (шығындар), «J. F. M. company» ЖШС, «Кублей» ЖШС, Павлодар, Ақтөбе және Алматы облыстарының 9 қызанақ экспорттаушы кәсіпорындарына қатысты шектеулер).

Результаты согласования

28.12.2021 16:26:32: Биболова А. З. (Отдел по взаимодействию с комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству) - - согласовано без замечаний

28.12.2021 17:25:09: Уакпаев М. С. (Руководство Аппарата Сената) - - согласовано без замечаний

Результат подписания

28.12.2021 17:38:03 Адильбеков Д. З.. Подписано